



**ЖҮЙРІКТЕН ЖҮЙРІК ОЗАР,  
ЖАРЫСҚАНДА**

Жуырда Қостанай қаласының №3, №4 орта мектептерінде жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиаданың 2-ші кезеңі ұйымдастырылды. Қалалық олимпиадаға №19 орта мектебінен 32 оқушының білімдері сарапта салынды.

**12** бем



**КУЛЬТУРА БЫТА КОЧЕВНИКОВ**

В яслях-саду «Болашақ» г. Лисаковска состоялась выставка семейного творчества в рамках реализации программы «Рухани жаңғыру». Воспитанникам яслей-сада благодаря педагогам и родителям открылась удивительная жизнь степных кочевников.

стр. **17**

## Біздің жетістіктеріміз

**Арқалық политехникалық колледжінің оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерін 2018 жылдың қорытындысы есебінде колледж басшысы А.С. Оспанов жас ұрпаққа саналы тәрбие мен сапалы білім берген оқытушыларды құттықтап, жылы лебізін білдірді.**

Үнемі шығармашылық ізденісте, жаңа педагогикалық технологиялардың жетістіктерін пайдалана отырып, өздерінің кәсіби шеберлігін дамытуды кезек күттірмес мақсатым деп түсінетін оқытушыларды колледж басшысы директор жанындағы кеңесте нәтижелі жұмыс атқарғандары үшін, жасаған жұмыстарын бағалай отырып, ақшалай сертификаттармен, алғыс хаттармен марапаттады.

Колледждің «Жыл адамы 2018» номинациясымен өн-



дірістік оқыту шебері, білікті маман, «Worldskills Kostanay» жобасына білім алушы қағыстырғаны, үлес қосқаны үшін, білім беру саласындағы табысты еңбегі, жоғары кәсіптік шеберлігі мен құзіреттілігі үшін А.Ж. Жапарғалиева марапатталды.

Оқу орда жанына Астана қаласының ең әдемі және басты көрнекті орындарын қардан жасап жаңа жылдық безендірулерді ерекше етіп жасаудың үлгісін көрсеткен

колледж оқытушылары Г.Х. Алекешов, А.С. Нұрманбетова, С.Ғ. Жүнісов пен С.Ғ. Байгиреев диплом, ақшалай сертификаттармен марапатталды.

Білім орда ұжымы ұстаздарымызды жетістігімен құттықтайды.

**Самал ЖИЕНБАЕВА,**  
**Арқалық политехникалық колледжі**  
**директордың**  
**оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары**